



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Жак Деррида мен Жиль Делёздің
постструктурализмнің
дамуындағы рөлі



Дәрістің мақсаты: постструктурализмнің дамуында маңызды орын алатын философтар Жак Деррида мен Жиль Делёздің еңбектері мен олардың көзқарастары жайлы ақпарат беру.

Кілт сөздер: өзгешелік, қайталану, айырмашылық, логос, сана, мағыналау, радикалды материализм, жазу, т.б.

Бұл дәрісімізде Постструктурализмнің дамуында маңызды рөл атқарған философтар Жак Деррида мен Жиль Делёздің көзқарастары мен еңбектеріне қысқаша тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Олардың көзқарастарымен таныспас бұрын, әуелі философтар жайлы ақпаратпен танысып өтейік.

Жак Деррида – постструктуралистік ойлау саласының Фуко, Делёз, Барт секілді ірі заманауи философтарының бірі. Өзінің мансабында Деррида 40-тан астам кітап, сонымен қатар, жүздеген эссе мен қоғамдық баяндамалар жариялады. Ол философия мен әдебиет салаларымен қатар, заң, антропология, тарихнама, лингвистика, әлеуметтану, психоанализ, саяси теория, феминизм, т.б. салаларына да қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізді және гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға үлкен ықпал етті.

Жиль Делёз – француз философы. Делёздың философиясы XX ғасырдың негізгі философиялық процестерінен бөлек, бірақ қоғам, саясат, шығармашылық және субъективтілік туралы заманауи пікірталаста маңызды орын алады. Оның басты еңбектері: «Мағынаның логикасы», «Айырмашылық және қайталау», «Анти-Эдип», «Мыңдаған плато» және т.б.

Жак Дерриданың 1967 жылы жарық көрген үш кітабы: «Of Grammatology» («Грамматология жайлы»), «Writing and Difference» («Жазу және айырмашылық») және «Speech and Phenomenon» («Сөйлеу мен феномен») постструктурализмнің дамуындағы тағы бір маңызды бетбұрыс болып табылады. Деррида батыс рационализмін сынға алады, тіпті, оның ішінде Леви-Стросстың Структурализмін де іле кетеді.

Деррида философияның метафизикалық дәстүрімен келіспейді, оны «логоцентризм» деп атайды. Өйткені, ол ақыл-ойдың беделін немесе логосты өздігінен болуға тиісті деп қабылдайды. «Логос» грек тілінде мағына ғана емес, сөйлеу дегенді де білдіреді. Сондықтан Деррида логоцентризмді сынағанда қарапайым рационалды ойдан гөрі күрделірек ұғымды меңзейді. Ол Платоннан Гуссерльге дейінгі философияда сөйлеу, мағына мен ой – табиғи дерлік түйін, тігісі жатық континуум болып қабылданатынын байқайды. Олар өз бөліктерінің аралығында ешқандай айырмашылық, біріктіретін ажыратар кеңістігі жоқ, бүтін де, толыққанды субстанция ретінде қабылданады. Ақылдың мағыналар мен идеялар жайлы ішкі сана дауысы деңгейінде хабардарлығы Дерридаға сәйкес, метафизикадағы аутенттілік, яғни тумысынан табиғилық, билік және шыншылдық нормалары ретінде жиі аталады. Ақылымыз бізге дерек бергендіктен, біз шындықтың не екенін білеміз, сол ақыл-ойдың дауысына сене аламыз. Өйткені ол идеялардың санада пайда болу қалпына мағыналаудың кез келген өзге формасынан гөрі жақындау. Мағыналаудың жазу сияқты өзге түрлері шындық, идеация, ойша сөйлесу мен мағынаның неғұрлым табиғи субстанцияларын қайталау мен олардың орнын алмастыру ғана.

Философия тарихына көз жүгіртсек, жазудың шындыққа жақындығы үнемі күмән тудырған. Бірақ Деррида «ішкі мен сыртқы, менталды және физикалық, жазу мен сөйлеудің айырмашылығын нақтылайтын не нәрсе?» дейді. Шындықтың абсолютті негізі мен болжалды негізі шындықтың өзі үшін бар екенін ойлаған сананың дауысында пайда болуы үшін, бастапқы аластату, қарсы келу және ажырату әрекеттері қажет емес пе? Егер философия тану мен түсіну жайлы болса, бұл түсінуге болатынмен ұстап-сезуге болатынның, не материалдық, яки физикалық, болмаса графикалықтың арасындағы айырмашылықты талап етпей ме? Ешқандай басқа негіздеуді талап етпейтін шындық, өзінен анағұрлым бұрын болған әлденеден тарамай ма? Егер солай болса, сол бастапқы әлдене дегеніміз не?

«Логос» шындық қана емес, ол сондай-ақ, билік те жайлы. Бұл ылғи да бұйрық. Бұлай болатыны, Дерриданың пікірінше, ақыл дегеніміз – оның өзі бақылап, барынша жасыруға тиіс тұрақсыздық пен жетіспеушілікке негізделген. Бұл Дерридаға сәйкес, ой, не идея, не мағына,



не сананың ішкі дауысының толыққанды сәйкестігі емес. Сол ықтимал сәйкестіктің астарында бірдейлікті мүмкін қылатын, бірақ өзі ұсына алмайтын айырмашылық процесі жатыр.

Дерриданың бұл ойын түсіну үшін, Соссюрдің: «тілде толыққанды терминдер жоқ; тіл айырмашылықтардан тұрады» деген пікірін еске түсіреміз. Деррида осы «диакритикалық» принципті барлық нәрсеге бағыттайды. Жаратылыс пен ойдың бәрі бөтендігінің өзінде бірдей, олар бір-біріне ұқсамауы жағынан да бірдей қалыпта дейді ол. Объект немесе зат ретінде бар, біздің санамыз үшін болуы ықтимал және танылуы мүмкін кез келген дүние, өзгелердің бәрінен басқаша болғандықтан ғана сондай және оның сипаттарын солай деп қабылдау үшін оны құрастырып шығатын бөлектеуші (ажыратушы) процесті тұншықтыру және елемей керек. Сол сияқты біз философияны ойлап, дәйектегенде әлдененің идеясы не концептіні түсінуге тырысамыз. Алайда біз уақыт өлшемінде өмір сүргендіктен, мұндай концепт не идея тек қана өткеннен осы шаққа және осы шақтан келер шаққа қозғалыс үстінде болуы мүмкін. Ол әрдайым айырмашылық арқылы екіге ажыратылған, әрдайым тұрақты болу иллюзиясын сақтау үшін өзін-өзі қайталауы керек және мұндай қайталау идеяның санада болу сипатының өзекті айырмашылығына меңзейді.

Біз айырмашылық қозғалысын тоқтата алмаймыз. Сол қозғалыстың өзі – тұрақты және ыңғайластыруға келмейтін, өзін-өзі анықтайтын қасиеттері жоқ айырмашылық. Санада бар дүние – басқа әлденеден шығады, ол әлденені сол, бар қалпында ұғыну, өзге шексіз айырмашылықтарға ұласпайтын санат (категория) ретінде тану мүмкін емес. Заттар арасындағы айырмашылық, уақыт аралығындағы немесе уақытша шегерілімдегі айырмашылық, Дерридаға сәйкес, тек бір сәттік қозғалысқа қабілетті бірегейліктер мен бар тәжірибелер, санамызда орын тепкен, тұрақты сияқты көрінетін санаттар (категориялар), концептілер мен идеялардан бұрын келеді және олардың болуын қамтамасыз етеді.

Ненің шын екенін анықтаушы өлшемдерді белгілейтін бірегейлік пен биліктің арғы тегінен бастау алуға қабілетті болу үшін, философияның ылғи да екінші кезектегі бастауы болуы тиіс, сол ретте ол бірінші бастаудан бұрын келетін жасандылық, репрезентация, метафора, бос баламалар, әртүрлілік, айырмашылық, ішкі ортаны қалыптастыратын жазбалар сияқты дүниелерді өзінің сыртына итеріп шығаратын қарсылық пен дифференциация әрекетіне ие болуы қажет. Осылайша тысқы ішкіден гөрі қарама-қарсы ұғым ретінде бөлек қарастырылады.

Нәтижесінде бірдейлік – шындық, мағына, сананың дауысы, т.б. философияға тиесілі жоғарғы және түпнұсқа терминдер ретінде, ал жасандылық, жазу, орнын алмастыру, айырмашылық, әртүрлілік, т.б. төменгі, кейін қосылған, о бастағы шындыққа қосымша ретінде қаралады. Алмастыру шындықтың о бастағы, аутентті сәтінен кейін жүреді, алайда сол сәтті табу үшін ол шындықты одан да бұрын келетін дифференциация әрекетімен алмастыру керек. Себебі дифференциация философияның болжалды біртума сипатын құрайды. Мысалы, ақылға мағынаның, себепке шындықтың, т.б. Егер алмастыру – метафизиканың жазуды анықтауы болса, онда ол шындықты ұғынудан емес, санадағы сөйлесуден, жазудан бастауы керек.

Деррида тілде мағына тудыруға қажетті болып табылатын белгілерсіз, алмастыру процесінсіз, дифференциялаусыз, қайталауларсыз және сәйкессіздіктерсіз шындық жайлы айту мүмкін емес дейді. Осындай себептерге назар аудара отырып, Ницше де жалғансыз шындық жоқ деген.

Деррида, әсіресе, жазудың батыс ақыл-ойында логос/сөйлеу/шындыққа қауіп ретінде қабылданғанын зерттейді. Жазу – сөйлеудің орнын басатын, сана дауысының қайталануы. Жазу – ешқандай үстемсіз де әрекет ете алатын, шындыққа сырттан қосылған қосынды не үстеме. Дерридаға сәйкес, мұндағы тәуекел, батыстық ақыл-ойды билейтін қайшылық – ақыл мен материя, рух пен әлем, ақылға салу және сезіну, сыртқы мен ішкі, мәдениет пен табиғат, шындық пен жалған, жақсылық пен жамандық, аутентті мен жасанды, т.б. санадағы бейнесі мен жазылған графикалық белгінің қайшылығында. Дерриданың ойынша, мұндай қайшылықты ойлауға ол өзінің барлық құндылықтары үшін екінші реттік деп ысырып қоятын ұғымдарға негізделгенде ғана мүмкіндік туады. Жазу, Деррида үшін difference-нің екінші аты, ол сөйлеу, шындық, бар болудан бұрын келеді. Оның қозғалысы аталған идеалдардың бәрін өмірге әкеледі. Айырмашылық пен қайталаусыз ешқандай шындық та, шындық пен жалғандық арасындағы қайшылық та болмас еді. Деррида Делёз сияқты өзге де Постструктуралист философтармен бірге еуропалық батыстың екі бірдей орнықты философиялық дәстүрі – платонизм мен геге-



лизмді жоққа шығарады. Платонизм мен гегелизмнің екеуі де, материалдық не эмпирикалық әлемді шындықтың тарихтан тысқары және жекелеген әлеуметтік локациялардың болжанбаған мән-жайларынан тыс идеал мағыналарына сіңістіріп жібереді. Деррида мен Делёз үшін сыни философия, бұл иерархияны жоққа шығарады және ығыстырады. Бұдан былай, эмпирикалық әлемнің болжанбаған мән-жайлары мен екіұштылығы бастапқы рөлге ие болады.

Жиль Делёз

Жиль Делёз, *Difference and Repetition* («Айырмашылық пен қайталау», 1968) және *The Logic of Meaning* («Мағынаның логикасы», 1969) еңбектерінде Ницшенің шындықты құрайтын күштердің айырмашылығы және ойыны туралы концептілері бойынша ертеректегі еңбектерін дамытады. Бірінші кітап Платон дәстүріне қарсы – онтологиялық бағытта дамиды. Платон Идеяларды олардың көріну жолынан және материалдық әлемдегі сырт қабаттарынан артық санаса, Делёз тереңдіксіз сыртқы қабаттар мен көріністерді алға тартады. «Ол универсалды идеялар жоқ, тек қана сырт көріністер, бірақ олар да ештеңені көрсетпейтіндіктен, бұдан былай сырт көрініс деп атала алмайды», – деп қалыптасуды субстанция идеалынан жоғары қояды. «*The Logic of Meaning*» (Мағынаның логикасы) кітабында мән мен мағынаның мағынасыздыққа қалайша тәуелді екені жайлы жазады. Тіл бірліктерінің астарында символдар мен мағынаның арасындағы қарама-қайшылықты болдырмайтын, мағынасыз процестер бар. Екеуі бір-біріне жалғасқан және әлемді түсіну мағынаны мағынасыздыққа қарай итеретін қарсы қозғалыс арқылы жоққа шығарылады. Делёз өзге постструктуралистер секілді, Соссюрдің пікіріне қарсы балама ретінде ұсынған, Луи Ельмслевтің «пішін мен экспрессия, айтылатын нәрсе мен оның айтылу жолы континуумды қалыптастырады» деген пікірін қолдайды. Тіл ақылмен тануға болатын мағыналанушы мен мағыналаушының материалдық меншігіне бөлінбейді, әр жерде әртүрлі жолдармен қалыптасқанмен, олардың бәрі бір нәрсе. Демек ақыл-ой үшін семиотикалық тікенектерге шырмалмай әрекет ете алар еркіндік жоқ. Сондай-ақ, басқа жағдайда, симулякрлыққа мағына дарытатын сыртқы қабат көріністерінен тыс өмір сүретін құрылым мен тереңдіктер жоқ. Бары тек қана симулякр, яғни тек қана сыртқы қабат көрінісі. Мағыналаушыдан мағыналанушыға қарай қозғалу мүмкіндігі – бар болғаны бір жазықтан екінші жазыққа, әлемнің бір бөлігінен екінші бөлігіне қозғалу. Мұнда сыртқы деген ұғым жоқ.

Делёздың шығармашылығында оның психоаналитик-дәрігер, философ Феликс Гваттаримен бірге жазған кітаптары ерекше орын алады. Олардың алғашқысы «*Анти-Эдип*» деп аталған кітап 1968 жылы жарық көрді. Бұл кітапта авторлар Франциядағы 1968 жылғы мамыр оқиғаларына талдау жасайды, сонымен қатар, XX ғасырдағы философия, психология, мәдениет пен эстетика теориясындағы ілімдердің өзекті тұжырымдарын қайта зерделеп ұсынады.

Құштарлықты жетіспеушіліктен не жоқтықтан пайда болады деп сипаттайтын, сол кезеңде үстемдік құрған Эдип туралы психоанализдік аңыздың орнына, Делёз бен Гваттари құштарлықтың жағымды концептін ұсынды. Алайда Делёз бен Гваттари ортодоксальді Фрейдтық психоанализді сынаудан әлдеқайда тереңірек кетті. Олар әлем мен біздің ондағы орнымызды түсіндіретін концептілердің жаңа топтамасын ұсынды. Біз бәріміз машиналармыз, – дейді олар және біз өзіміз үшін жасап алған отбасы, мемлекет сияқты институттар да машиналар; олар адамзаттың құштарлық тудырған өнімін алып, оны белгілі бір әлеуметтік режимге пайдалы болатындай өңдеуден өткізеді. Эдиптік отбасы капитализм үшін қолайлы. Неге десеңіз ол утилитарлы капиталистік жүйе талабындағы шектеулерге сыйыса алмайтын құштарлықтарды жаныштайды. Функционалды қызмет ету үшін, құштарлығымыздан нәтиже шығу керек, не белсенді түрде ынтызар болуымыз керек. Алайда құштарлық жаратылысы албырт, әрі өнімсіз, бұл шексіз энергетика және оны энергия мен материяның кеңірек ағыстарындағы, мәңгі қозғалыстағы үздіксіз жазықтарды құрайтын қыруар қабатты, көптеген ағындардың бір сегменті ретінде ғана түсінуіміз керек. Сонда біз «бала», «қыз», не «кәсіпкер», «әйел» сияқты анықтауыштар мен мағыналар үлестіретін семантикалық тәртіптерден не құтыламыз, не олардың тұтқынына түсіп, жаншыламыз. Мұндай тұрақтандыру мен кодтау аумақтандыруды (территоризация) түзіп шығарады. Сөйтіп оларды өз аймақтарында ұстайды, бірақ, аумақсыздандыру (детерриторизация) анағұрлым әлеуетті күш және барлығы түбінде қирайды



да сигнификацияның басқа бір әлеуметтік тәртібінің уысына ұсталып аумақсыздандырылу, мағыналы және пайдалы болу үшін ағысын жаңадан бастайды.

Делёз бен Гваттаридің ұсынатыны – радикалды материализм. Ой енді материяның сыртында емес, оны тану нысаны ретінде ұғынылады. Ой дегеніміз – материяның өз ішіндегі қозғалыс. Ақыл мен тәніміз бар деудің орнына, біз бәріміз бұрын «әлем», «табиғат» не «материя» делініп келген жалпы «мүшесіз тәннің» бөлшегі болатын тәннің өзі болып табыламыз. Біздің бәріміз сол бастапқы субстанцияның бөлшектеріміз», – дейді ойшылдар. Бұл сигнификация әлемде практикалық материалдық әрекет ретінде түсінілуі тиісті. Расында, Делёз бен Гваттари тарихты бірін-бірі алмастырған экономикалық өндіріс әдістері деп түсінгеннен гөрі, бұл бірін-бірі алмастыратын мағыналаушы режимдердің, «тәртіп» немесе бұйрық беру арқылы құштарлық-өндіріс материясының ағысын тәртіпке салу жолдары ретінде қарауымызды ұсынады. Нәтижесінде, мағыналаушы мен мағыналанушының арасында айырмашылық жоқ.

Символ (signifier) мен мағынаның (signified) арасында айырмашылық жоқ, екеуі де бір материалдық жазықтықта, екеуі де ағыс және олар әрқилы, әрі шексіз өзгеріске ұшырайды. Сипаттаушы тәртіп пен қажетті өндіріс әлемінің өзара әрекеттесуінің жолы түбегейлі өзгермелі және болжаусыз. Жиль Делёз бен Феликс Гваттари ұстанатын саясат 1968-дің мамырындағы студенттер рухымен кереметтей сәйкескеледі. Бұл бір мезетте жеке, әрі көпшілік, микрологиялық, әрі макрологиялық және бұл тікелей утопиялы.

Түйіндей келе, Жак Деррида өзінің «Of Grammatology», «Writing and Difference» және «Speech and Phenomenon» («Хат және өзгешелік», «Дауыс және құбылыс» және «Грамматология жөнінде») деген үш кітабы арқылы деконструкцияны орнықтырды. Ол, әсіресе адамзаттың ақпарат таситын құралы – тілді қайта таразылады. Деррида адамның «әрдайым қатысушы» екендігін дәлелдеп, жазу мен оқудың арасындағы айырмашылық мәңгі сақталады деп есептеді. Ал, Делёздың философиясы постструктурализмнің өзге нұсқасы дейтін Дерриданың «деконструкциясына» қарсы. Делёздың айырмашылығы, ол лингвистикаға аз назар аударады және субъектінің классикалық теориясын да, таңбалаушының пайымына байланысты структуралистік теорияларды да ауыстыруға талпынған тұлғадан, бұрынғы «көшпелі жалқылықтар» ұғымын енгізеді. Егер Деррида өзінің деконструкциясын классикалық дәстүрдің ішінде жүргізсе, Делёз о бастан оның шегіне жетіп, ойдың жаңа кеңістігін жаулап алуға тырысады.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Жак Дерриданың философиялық көзқарастарының ерекшеліктері мен жаңашылдығы неде?
2. Жиль Делёз бен Гваттаридің еңбектерінің негізгі идеялары мен Деррида көзқарастарымен арақатынасы қандай?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Julie Rivkin, Michael Ryan, *Literary Theory: A Practical Introduction* (Wiley Blackwell, 3rd edition, 2016).
2. Н.С. Автономова *Деррида и грамматология*//Ж. Деррида *О грамматологии*. – М.: Ad Marginem, 2000.
3. И.П. Ильин *Теория знака Ж. Дерриды и ее воздействие на современную критику США и Западной Европы*//Семиотика. Коммуникация. Силь. – М.: ИНИОН, 1983. – 108-125 б.
4. Ж. Делёз *Различие и повторение*. – СПб.: Петрополис, 1998. – 384. 83 б.
5. Ж.Делёз, Ф. Гваттари *Анти-Эдип: Капитализм и шизофрения*. – Екатеринбург: У-Фактория, 2007. – 672 б.